

№	Атауы	Кітаптың мазмұны	Сілтемесі	Парақ саны
3-4 сынып – «Ертегілер әлемінде» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына арналған кітаптар				
1.	«Қазақ ертегілері»	Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері, жануарлары, Қожанасырдың аңыздары мен халықтың күлдіргі ертегілері туралы балаларға арнайы жазылған. Ертегілер тілі де тартымды, ұғынықты және әсем суреттермен көрсетілген.	https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/858/8582d39c6deba017cd4e3c5ae03ccd7.pdf&ln=kz	104
2.	«Алпамыс батыр» ертегілері	Халық ауыз әдебиетінің телегей-теңіз мол мұрасы, сол теңізді құрайтын аса ауқымды арнаның бірі «Алпамыс батыр» жыры. Автор жауһар туындының көркемдігі мен сурет-бояуын, әсер-сезімін еш төмендетпей, ойлау, пайымдау, саралау, қабылдау қабілеті әлі толық қалыптасып үлгермеген жас жеткіншектердің таным-түсінігіне лайықтап, қара сөзбен әсерлі баяндап шыққан. «Алпамыс батыр» жырының қара сөзбен баяндалып, көркем безендірілген нұсқасы жас ұрпақтың ойын ұштап, қиялын қанаттандырады.	https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/1f0/1f0e1d651f684d093169ed78e11a8bbc.pdf&ln=kz	160
5-6 сынып – «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында орта буын оқушыларына арналған кітаптар				
1.	«Мен – апамның баласымын» атты романының І-томы Әлдихан Қалдыбаев	«Балалар әдебиетінің атасы» Әлдихан Қалдыбаевтың шығармалар жинағының І томына «Мен – апамның баласымын» атты романы енген. Ауыл өмірін, балалардың қылықтарын суреттейтін бұл шығарма балаларды үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсетуге, Отанды және отбасын сүйуге баулиды.	https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/763/763980a119e303bc07bd07ac9c86588b.pdf&ln=kz	416
2.	«Ағайынды Гриммдер ертегілері»	Неміс халық ертегілерінің ең таңдаулыларын жинақтап, алғаш рет 1812 жылы жарыққа шығарған ағайынды ғалым-филологтар Якоб пен Вильгельм Карл Гриммдердің аңыз-ертегілері балалар әдебиетінің алтын қорына айналғаны белгілі. Жинаққа Шарль Перро мен ағайынды Гриммдердің әлем жұртшылығын тамсандырған ең гажайып ертегілері енгізілді.	https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/ab8/ab836b25f47bc3e78779580bb3f97bd1.pdf&ln=kz	384
7-8 сынып – «Ғасырлар тарихты жырлайды» тақырыбында жасөспірімдерге арналған кітаптар				
1.	«Ұшқан ұя» Бауыржан Момышұлы	«Ұшқан ұяда» әлем тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануарлар болмысы, қауымның қалыптасуы, әлемнің пайда болуы, тірлік, өмір туралы алғашқы мағлұматтарды, азаматтық тұрғыдағы	https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/5e1/5e13518fb629e466f3a9	175

		аңыз-әңгімелерді сипаттайтын қызықты шығарма. Сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге ненің жақсы, ненің жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді сипаттайды және отансүйгіштікке баулиды.	30c56af4d672.pdf&ln=kz	
2.	«Гулливердің саяхаты» Джонатан Свифт	Ағылшын-ирланд жазушысы Джонатан Свифт жасөспірімдерге арнап Гулливердің саяхаты туралы жазған қызықты оқиғалар жинағы. Бұл кітапта әуелде оташы, кейіннен бірталай кемеге капитан болған Гулливердің дүниенің түкпіріндегі бірнеше елге жасаған қызықты саяхаттары баяндалған. Жасөспірімдерді терең ойға бастайтын сатиралық-философиялық тамаша туынды.	https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/ace/aceae4949f3ab62c32017a47b7f332d8.pdf&ln=kz	368
9-10 сынып – «Ұлы Дала жырлары» және «Ұлы Дала ұлағаты» тақырыбында жоғары сынып оқушыларына арналған кітаптар				
1.	«Көшпенділер. Алмас қылыш» Ілияс Есенберлин	Ілияс Есенберлиннің шығармашылығында атақты «Көшпенділер» трилогиясы негізгі орын алады. Этикалық құлаш-қарымымен, оқиғалардың серпінділігімен, қазақ тарихының жанды әрі қайталанбас тұлғалардың бейнесімен, тілінің шынайлығымен және айқындылығымен ерекшеленеді.	https://adebiportal.kz/kz/books/view/koshpendyler-almas-kylysh__820	151
2.	«Робинзон Крузо» Даниэль Дефо	Оқиғалары ерекше тартымды, тілі жатық, әлем әдебиетінің інжу-маржаны, жасөспірімдерге арналған үздік шығармаларының бірі. Жасөспірімдерді адамгершілікке, парасаттылыққа, имандылыққа, төзімділікке және қайсарлыққа баулиды.	https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/d7b/d7bea6d2a6c85dc0ab54d4bd5d9f48e8.pdf&ln=kz	280